

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 29 сәуір N 682. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.18. N 1792 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 14 қаңтардағы N 3329

U973329_

Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі
қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті туралы қоса
беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 29 сәуірдегі
N 682 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті
(Мемкеденкомы) туралы ереже

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті (бұдан әрі -

Комитет) Қазақстан Республикасы кеден органдарының бірыңғай жүйесін басқаратын, кеден ісіне тікелей басшылық жасайтын, бірыңғай мемлекеттік кеден саясатын жүргізетін және осы мақсаттарда салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Комитет өз қызметін басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және азаматтармен өзара іс-қимылда жүзеге асырады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

3. Комитетті қаржыландыру республикалық бюджетке көзделген қаржы есебінен жүзеге асырылады.

4. Комитеттің құрылымы мен адам санын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Комитет заңды тұлға болып табылады, оны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және атауы қазақ, орыс тілдерінде жазылған мөрі, тиісті мөрлері мен мөртаңбалары, жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын банктер мен ұйымдарда шоттары (оның ішінде валюталық) болады.

II. Негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

6. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасының кеден саясатын жасауға және осы саясатты іске а с ы р у ғ а қ а т ы с у ;

өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының аумағында кеден саясатының бірлігін қамтамасыз ету;

өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін және экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасындағы кеден ісін ұйымдастыру мен жетілдіру; орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген кеден заңдарының сақтауын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының экономикасын дамыту басымдығына және Қазақстанның сыртқы экономикалық қызметке қатысу үшін қолайлы жағдайлар жасау қажеттігіне сүйене отырып, шаруашылық қызметті кедендік реттеу құралдарын қолдануды ұйымдастыру мен жетілдіру;

Қазақстан Республикасының кеден мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастыққа қатысуын қамтамасыз ету;

7. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес;

Қазақстан Республикасының кеден саясатын жетілдіру туралы ұсыныстар

д а я р л а й д ы ;

Қазақстан Республикасының кеден саясатын жүзеге асырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдық тетіктерін жасайды, оның іске асырылуын қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

Қазақстан Республикасындағы кеден ісін дамыту бағдарламаларын жасайды ж ә н е жү з е г е а с ы р а д ы ;

кеден ісін туралы заңдық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын белгіленген тәртіппен әзірлеуге қатысады;

Қазақстан Республикасының экономика, экспортты көтермелеу мен шетелдік инвестицияларды тарту саласында әлемдік қоғамдастықпен қарым-қатынастарын реттеу тетігін жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлеуге қатысады;

алынуы Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген кеден баждары мен салықтарының ставкалары мен оларды қолдану тетігі туралы ұсыныстарды белгіленген тәртіппен енгізеді;

лицензиялауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы өткізілетін тауарларға қатысты экономикалық саясат шараларын ә з і р л е у г е қ а т ы с а д ы ;

тауарлардың кедендік құнын дұрыс айқындауға бақылау жасау жүйесін ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

алынуы Қазақстан Республикасының кеден органдарына жүктелген кеден баждары мен салықтарының республикалық бюджетке уақтылы және толық е н г і з і л у і н қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу кезінде кеден режимдерін тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

заңдарда белгіленген тәртіппен кеден делдалдары мен мамандарына лицензиялар, біліктілік аттестаттарын береді;

тауарлар мен көлік құралдарына кедендік бақылаудың және оларды ресімдеудің жүзеге асырылуын ұйымдастырады, оларды жетілдіру шараларын қ а б ы л д а й д ы ;

өз бетінше және құқық қорғау органдарымен өзара бірлесіп кедендік бақылау аймағы режимін сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді, кедендік инфрақұрылым объектілерін қорғау жүйесін ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының кеден шекарасын күзету жөніндегі басқа да шараларды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізудің рұқсат ету тәртібін жасауға және оны орындауға қатысады;

Қазақстан Республикасы үшін стратегиялық және басқа да аса маңызды материалдардың, сондай-ақ мәдени құндылықтардың шетке әкетілуіне

экспорттық бақылау жасайды;
өз құзыреті шегінде және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес валюталық
бақылауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы кеден органдарының мемлекеттік қауіпсіздікті,
табиғи ортаны, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау, республикаға әкелінетін
тауарларды тұтынушылардың мүдделерін қорғау жөніндегі шараларды жүзеге
асыруға қатысуын қамтамасыз етеді;

контрабандаға және кеден ісі саласындағы өзге де қылмыстарға қарсы күрес
жүргізуді ұйымдастырады;

кеден ережелерін бұзушылықпен байланысты жұмысты жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы кеден органдарының халықаралық терроризмге
қарсы күрес жүргізу қызметін ұйымдастырады және Қазақстан Республикасының
әуежайларында халықаралық азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласуға жол
бермеуге жәрдемдеседі;

контрабанда туралы және өзге де қылмыстар туралы кеден істері бойынша іс
жүргізу кезінде жедел іздестіру қызметін жүргізуде, кеден ережесін бұзушылық
туралы іс жүргізілген және оларды қараған кезде Қазақстан Республикасы кеден
органдарының лауазымды адамдарының заңды сақтауына бақылауды жүзеге
асырады;

Қазақстан Республикасының сыртқы саудасының кедендік статистикасын
және арнайы кеден статистикасын жүргізуді ұйымдастырады;

Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасын жүргізеді;
өз қызметінің шегінде шағымдар мен өтініштердің дер кезінде әрі объективті
қаралуын қамтамасыз етеді, азаматтардың, ұйымдардың құқықтары мен
мүдделеріне қысым жасау себептерін жою бойынша шаралар қабылдайды;

Қазақстан Республикасындағы кеден ісінің жай-күйі мен оны дамыту
бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізеді;

Қазақстан Республикасының кеден ісі мәселелері бойынша халықаралық
шарттардың жобаларын әзірлеуге қатысады, Қазақстан Республикасының
заңдарында белгіленген тәртіппен оларды жасасу жөнінде келіссөздер жүргізеді,
олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

кеден ісі мәселелерімен айналысатын халықаралық ұйымдардың қызметіне
қатысады;

Қазақстан Республикасының кеден ісіне қатысты халықаралық
міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасындағы және шет мемлекеттердегі кеден ісі туралы
заңдардың қолданылу тәжірибесін, оның ішінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын
қорытындылайды және талдайды;

кеден органдары лауазымды адамдарын даярлауды, қайта даярлауды,

біліктілігін арттыруда, кеден лабораторияларында, басқа да ведомстволық бағынысты ұйымдарда жұмыс істеу үшін мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді, ведомстволық бағынысты оқу орындарына арналған оқу бағдарламаларын б е к і т е д і ;

мемлекеттік органдар, ұйымдар үшін кеден ісі саласында мамандарды оқыту ж ү й е с і н ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кеден басқармаларын, кедендерді, кеден постарын, кеден лабораторияларын және қызметі Қазақстан Республикасы кеден органдарының міндеттерін шешуге жәрдемдесетін құрылыс-пайдалану және өзге де кәсіпорындар мен ұйымдарды құрады, қайта ұ й ы м д а с т ы р а д ы ж ә н е т а р а т а д ы ;

өз жүйесінде ғылыми-зерттеу мекемелерінің, оқу орындарының жұмыс і с т е у і н қ а м т а м а с з ы е т е д і ;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден органдары жүйесінің мүлкін басқаруды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы кеден органдарының автоматтандырылған бірыңғай жүйесін құруды, оның жұмыс істеуін және жетілдіруді қамтамасыз етеді;

кеден органдары жүйесінің материалдық-техникалық және әлеуметтік б а з а с ы н д а м ы т а д ы ;

кеден органдары лауазымды адамдарын құқықтық жән әлеуметтік жағынан қорғау шараларын жүзеге асыруға жәрдемдеседі;

билігінде теңіз, өзен және әуе кемелерін ұстай алады;

Қазақстан Республикасының заңдарымен өзіне жүктелген басқа да ф у н к ц и я л а р д ы а т қ а р а д ы .

8. Комитеттің өзіне жүктелген міндеттерді орындау кезінде: өз құзыреті шегінде кеден режимдерін құқықтың реттеудің ерекшеліктерін а й қ ы н д а у ғ а ;

тауарлар мен көлік құралдарын еркін кеден аймақтарына және еркін қоймаларға әкелу мен әкетудің не оларды кеден қоймаларына орналастырудың т ә р т і б і н б е л г і л е у ғ е ;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне жеке тұлғалардың тауарларды өткізуінің оңайлатылған, жеңілдетілген тәртібін белгілеу жөнінде ұсыныстар е н г і з у ғ е ;

мемлекеттік органдардан, меншік және бағыныс нысандарына карамастан, ұйымдардан, сондай-ақ лауазымды адамдардан, азаматтардан өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті құжаттар мен мәліметтерді с ұ р а т у ғ а ж ә н е а л у ғ а ;

заңдарда белгіленген тәртіппен баспа қызметін жүзеге асыруға; белгіленген тәртіппен өнімдерге (жұмыстарға, қызмет көрсетулерге)

мемлекеттік тапсырыс берушінің функциясын орындауға;
кеден ісі мәселелері бойынша үйлестіруші сараптама кеңестері мен жұмыс
топтарын құруға;

өз құзіреті шегінде мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, сондай-ақ
азаматтармен Қазақстан Республикасындағы, одан тысқары жерлердегі
лауазымды адамдармен өзара іс-қимыл жасауға;

байланыс пен деректерді берудің ведомстволық жүйесін ұстауға;
ведомстволық бағынысты ұйымдардың ережелері мен жарғыларын бекітуге,
олардың басшыларын тағайындауға, осы ұйымдардың қаржы-шаруашылық
қызметіне тексеріс пен тексеру жүргізуге;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құқықтық
өкілеттіліктерді жүзеге асыруға құқылы.

III. Қызметті ұйымдастыру

9. Комитет Қазақстан Республикасы кеден органдарының бірыңғай жүйесіне
кіреді.

10. Комитет Қазақстан Республикасының кеден мекемелерінің, кеден
лабораториялары мен басқа да ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне,
сондай-ақ Қазақстан Республикасының шет елдердегі кеден өкілдіктерінің
қызметіне басшылық жасайды.

11. Комитеттің орталық аппараты оның қызметін қамтамасыз ететін
департаменттер мен құрылымдық бөлімшелерден тұрады.

12. Комитетті Төраға басқарады.

Комитет Төрағасын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
ұсынуымен Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды
және қызметтен босатады.

Комитет Төрағасының Төрағаның ұсынуымен Қазақстан Республикасының
Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады
.

Комитет Төрағасы:

Комитетке жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін дербес
жауап береді;

Комитетті білдіреді және Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік
органдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді;

Комитет құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады, құқықтық актілерге қол
қояды (бекітеді), олардың орындалуына тексеруді ұйымдастырады;

өз құзыретінің шегінде Комитет қызметкерлерін, облыстар бойынша кеден
басқармаларының, кедендердің, кеден постарының басшы қызметкерін, кеден

лабораториялары мен басқа да ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларын заңдарға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

Қазақстан Республикасының ведомстволық бағынысты кеден органдарына ұйымдық, кадр, қаржы және өзге де мәселелерді өз бетінше шешу жөнінде құқықтық өкілеттіліктерді белгілейді;

заңды тұлға болып табылмайтын департаменттер, комитеттің өзге де құрылымдық бөлімшелері, облыстар бойынша кеден басқармалары, кедендер мен кеден постары, сондай-ақ ведомстволық бағынысты ұйымдар туралы ережелерді бекітеді;

кеден органдары құрылымының, қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген саны мен еңбекақы төлеу қорының шегінде Комитеттің штаттық кестелерін, кеден басқармаларының, кедендердің құрылымын, басқармалар мен кедендердің құрылымын, адам саны мен еңбекақы төлеу қорын бекітеді;

өз құзыреті шегінде кеден органдарының лауазымды адамдарына дербес атақтар береді, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен кеден органдарының лауазымды адамдарына жоғарғы басшы құрамның дербес атақтарын беру туралы ұсыныстарды енгізеді;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айрықша көзге түскен қызметкерлерді Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын беруге және мемлекеттік наградаларымен марапаттауға ұсынады;

кеден органдарының қызметкерлеріне, кеден лабораториялары мен басқа да ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшыларына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіптік ықпал ету шараларын толық көлемде қолданады;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады және өзге де құқықтарды пайдаланады.

Комитет Төрағасы өзіне берілген кейбір өкілеттіктерді бағынысты лауазымды адамдарына беруге құқылы.

13. Комитет құрамында Комитет Төрағасы (алқа Төрағасы), төраға

орынбасары, және басқа да лауазымды адамдар бар алқа құрылады.

Алқаның сандық құрамын Үкімет бекітеді.

Алқаның жеке құрамын Төраға бекітеді.

Комитет алқасы Комитет Төрағасы бекітетін Алқа туралы ереженің негізінде жұмыс істеді.

14. Комитет өз құзыретінің шегінде кеден ісі бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылатын және Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдарының, меншік нысаны мен

бағыныстылығына қарамастан, барлық ұйымдардың, сондай-ақ лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті нормативтік актілер шығарады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК